

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Тәуелсіздік-ел бақыты

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.03.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/67616/>

Тәуелсіздік –ел бақыты

Оқырмандарды еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі жетістіктерімен таныстыру, білімдерін көтеру; туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру; халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін сақтап әрі қарай жалғастыруға тәрбиелеу; Отанды сүйуге, байлығын қорғауға, болашақта Отанымыз Қазақстанды өкендетуге білімді адамдар керек екенін түсіндіру мақсатымен өткен сабақта Қ.Рысқұлбеков, Л.Асанованың суреттері, библиографиялық шолу, кітап көрмесі көрнекілігіне пайдаланылды.

1 –жүргізуші:

Құрметті ұстаздар, оқушылар, қонақтар, ата-аналар!

Тарих беттерін парақтасақ, қазақ халқы өзінің ұзақ жылғы тарихында талай қанды қырғындарды, зорлық-зомбылықтарды көрді, қасірет шекті. Соның бірі-Алматы қаласында болған жастар көтерілісі. Бұл көтерілістің себебін бір жақты қарап, бір ауыз сөзбен түсіндіру мүмкін емес. Бұл күн – қазақ халқы үшін ұлы күн, әрі қайғылы әрі бақытты күн.

2-жүргізуші:

Қазақтың санасын сілкіндірген оқиға жылдар бойы арман еткен тәуелсіздіктің қайнар көзі болды.

1-жүргізуші:

Тарихым жатыр тасында,

Тіл қатып келер ғасырда.

Азаттық дейтін ұғымның

Желтоқсан тұр басында.

2-жүргізуші:

Дауылға желтоқсанның желі ойнады,

Ашуға мінді Алатау кәрі айбарлы.

Күтпеген іс ақыры не болат деп,

Күллі әлем Алматыға қарай қалды

1-жүргізуші:

Кез емес жаугершілік «аттан» атты,

Алаңның шеруі емес, салтанатты.
Қытымыр қыстың басы сол бір айда
Желтоқсан желі әлемді жалт қаратты.

1-оқушы:

Дүр сілкінді желтоқсанда қоңыр аймақ,
Өйтпесе тілім қайтіп қанат жаймақ.
Ұран жазып, қып-қызыл ту көтеріп,
Жастар шықты алаңға «Елім-айла».

2-оқушы:

Алаңға шықты, ойын айтты жастарым,
Қиындық пен қатерге тігіп бастарын.
Содан барып тоңы еріді кеңестің
Содан кейін еркіндікті бастадым.

3-оқушы:

Желиоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Кеудемде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның
Айналайын, айналайын жас өркені халқымның.

Жүргізуші:

Желтоқсан бастауы-ғасырлар қойнауының жалғасып келе жатқан ұлы тарихтың бір белесі. Бұл ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет мидай араласқан әрі жарқын, әрі қаралы, қасіретті күн еді.

4-оқушы:

Желтоқсанда. Алматыда. Ақ қарда,
Алма бақтар ақ қырауға батқанда.
Күңірене күн күркіреп тау жатқан
Жайдың оты жалау жақты шатқалды.
Аппақ қала. Аппақ ғалам. О, тоба
Найзағайлар қар жалап тұр аспанда.

Жүргізуші:

Иә, қылышынан қан тамған осынау
Колбин үстемдік қылған заманда-ақ
Сөйлесең даусың жетпейтін
Кез болдық мынау заманға
Шовинизм еді ғой,

Басты себеп жанжалға, -деп жасқанбай жырлаған желтоқсанның аққан жұлдызы, жас сұңқар Қайрат Рысқұлбеков-ең ауыр жаза-ату жазасына іліккендердің бірі.

Жүргізуші:

Тегеурінді соққылары жарақтан,
Ақшақарға судай ақты қайнап қан.

Қайдан білсін қызбаланған ерлерім
Айырларын Ләззат, Ербол, Сабирадан, Қайраттан.

Жүргізуші:

Желтоқсан оқиғасының қаһарман батыры Қайрат Рысқұлбековтің түрмедегі кезінен көрініс.

Көрініс: «Түрмеде»

Жүргізуші:

Құрбандарым, жазықсыз, құрбандарым,
Бет бағдарын бақиға бұрғандарым,
Қаралы жылдардай боп қарауытып
Халқымның мәңгі есінде қалғандарым
Құрбандарым, жазықсыз құрбандарым.

Жүргізуші:

Тұтқиылдан түскен суық мәлімет,
Тарап елге дейді күштеп қабыл ет.
Жаңа алаңға қалың жастар қаптады
Қайда, қайда жариялық, әділет?

Жүргізуші:

Аяз қысып төкті қыста қаһарын,
Сиретпеді жастар бірақ қатарын.
Қайтан білсін милиция қорғаны
Ұрып-соғып суық сумен атарын.

Ән: «Желтоқсан желі»

Жүргізуші: Сол желтоқсан оқиғасы қаншама ызғарлы естілсе де жанымызға нұр септі.
Мәңгілік егемендікті алып келгеннің арқасында дүние жүзіне танымал болдық.

Егеменді ел болудың белгісі,

Басқа жұртпен тең жұлдызы, тең күші.

Егемендік деген сөзбен естілер

Атажұрттың арғысы мен бергісі.

Би. «Аққу»

Туған жерім кең далам,

Көркіңе мен таң қалам.

Перзентің боп өзіңе

Жырым осы арнаған.

Ән: «Гүлдерайым»

Би: «Қамажай»

Хор: Әнұран

Жүргізуші:

Әнұраным көкейде жатталады,
Сонымен бейбіт күнім басталады.

Шәмші атамның шырқаған асқақ әні.

Әркімнің жүрегінде сақталады.

Жүргізуші:

Қазақстан, нығайтып ел іргесін,

Биіктерге көк туың желбіресін.

Қастерлеген бабалар өсиетін

Даңқың бар бас иетін

Артсын данқ, қасиетің.

Жүргізуші:

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары Егемендігіміз баянды болсын! «Тәуелсіздік-ел бақыты» атты тәрбиелік шарамыз аяқталды.

Жамбыл облысы,

Қордай ауданы,

Жаңатұрмыс ауылы

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.